


**«Kazakhstan Bar Association»  
Заң консультанттары палатасы  
Мүшелерінің Жалпы жиналысының  
2022 жылғы 25 ақпандағы шешімімен  
«БЕКІТІЛДІ»**



**АТТЕСТАТТАУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

## **1 Жалпы ережелер**

- 1.1 «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының Аттестаттау комиссиясы туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Палатаның Жарғысына және өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.
- 1.2 Палатаның Аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) Палатаға мүше ретінде кіруге үміткер тұлғаларды аттестаттаудан өткізу мақсатында құрылады.
- 1.3 Комиссия өзінің қызметін Палатаның Жалпы жиналысы бекіткен және уәкілетті органмен келісілген «Аттестаттау өткізудің тәртібі мен шарттары туралы қағидаларға», сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
- 1.4 Комиссияның алдында тұрған негізгі міндет Палатаға мүше ретінде кіруге үміткер тұлғалардың кәсіби білім деңгейін, біліктілік дәрежесін, зияткерлік деңгейін және іскерлік беделін анықтау болып табылады.
- 1.5 Комиссия өз өкілеттігі шегінде Палатаға мүше ретінде кіруге үміткер тұлғаларды (бұдан әрі – үміткерлер) аттестаттайды, үміткерлердің аттестатталғаны немесе аттестатталмағаны туралы жазбаша қорытынды шығарады.
- 1.6 Комиссия 9 (тоғыз) адамнан тұрады, Палата мүшелерінің Жалпы жиналысында сайланады және Палатаның қазіргі мүшелерінің арасынан құрылады және 3 (үш) жыл қызмет етеді.
- 1.7 Комиссияның қызметін ұйымдастыру үшін Палата Басқармасының шешімімен оның мүшелері арасынан 3 (үш) жыл мерзімге Комиссияның Төрағасы тағайындалады.

## **2 Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің құзыреті**

- 2.1 Комиссия Төрағасы:
  - 2.1.1 Комиссияның жұмысын ұйымдастырады, отырыс шақырады, Комиссияның отырысында қаралатын және бекітілетін мәселелерді дайындауға басшылық жасайды;
  - 2.1.2 Комиссияның қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді;
  - 2.1.3 Комиссияның отырыстарына төрағалық етеді және оның шешімдерін орындауды қамтамасыз етеді;
  - 2.1.4 Комиссияның қызметінде «Аттестаттау өткізудің тәртібі мен шарттары туралы қағидалардың» және осы Ереженің сақталуын қамтамасыз етеді.
- 2.2 Комиссияның Төрағасы болмаған жағдайда оның өкілеттігін орындауды Комиссия оның мүшелерінің біріне жүктейді. Комиссия мүшелерінің біріне төраға функцияларын жүктеу туралы Комиссияның шешімі Комиссия отырысының хаттамасында көрсетіледі.
- 2.3 Комиссия хатшысы:
  - 2.3.1 Комиссияның қызметін құжат жүзінде рәсімдеуді ұйымдастырады;
  - 2.3.2 Комиссияның жұмысын ұйымдастыруды жақсарту жөнінде ұсыныс енгізеді.
- 2.4 Комиссия мүшелері:
  - 2.4.1 кешенді тестілеуге кіргізілетін сұрақтар тізімін әзірлейді;
  - 2.4.2 аттестациялық материалдарды зерделеуге және тексеруге қатысады;
  - 2.4.3 аттестаттау немесе аттестаттамау туралы дәлелді қорытынды шығарады;

- 2.4.4 Комиссияның отырысында шешілуге және тиісті шешім шығарылуға тиіс мәселелерді қарайды.
- 2.5 Мына жағдайда Комиссияның мүшесі үміткерді аттестаттауға қатыса алмайды және оған қарсылық білдірілуге тиіс:
- 2.5.1 егер ол үміткердің туысы болса;
- 2.5.2 үміткерді аттестаттау нәтижесіне жеке, тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса немесе оның бейтараптығына негізді күмән туғызатын басқа да мән-жайлар болса.
- 2.6 Осы Ережеде көрсетілген мән-жайлар болған жағдайда Комиссия мүшесі өздігінен бас тартуды мәлімдеуге құқылы. Отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелері немесе аттестациялық материалы қаралып жатқан үміткер дәл осындай негіздер бойынша қарсылық мәлімдей алады.
- 2.7 Өздігінен бас тарту және мәлімденетін қарсылық дәлелді болуға тиіс және аттестаттау алдында да, аттестаттау кезінде де мәлімденуі мүмкін.
- 2.8 Егер қарсылық мәлімденген Комиссия мүшесі түсініктеме бергісі келсе, Комиссия оның пікірін тыңдайды және қарсылық мәлімделген тұлға болмаған кезде шешім қабылдайды.
- 2.9 Комиссия мүшесінің өздігінен бас тартуы (одан бас тарту) туралы шешімді Комиссия отырысқа қатысып отырған оның мүшелерінің көпшілік даусымен жазбаша нысанда қабылдайды және Комиссия мүшесі мен бас тартуды мәлімдеген үміткердің көзінше жария етеді.
- 2.10 Қарсылықты қабыл алмау немесе қанағаттандыру туралы шешім шағымдануға жатпайды.

### **3 Аттестаттау комиссиясының отырыстарын өткізу тәртібі**

- 3.1 Комиссия отырыстарды қажетіне қарай өткізеді. Егер отырысқа Комиссияның кем дегенде 5 (бес) мүшесі қатысып отырса, отырыс құқықты болып есептеледі.
- 3.2 Комиссияның отырысы көзбе-көз және сырттай өткізіледі.
- 3.3 Комиссияның отырысын оның Төрағасы өткізеді. Комиссия отырысында шешілуге тиіс мәселелерді қарау Комиссияның отырысында ұсынылған аттестациялық материалдарды алдын ала зерделеген Комиссия Төрағасының немесе мүшесінің баяндамасынан басталады.
- 3.4 Комиссия қаралатын мәселелер бойынша отырысқа қатысып отырған мүшелерінің дауыстарының көпшілігімен тиісті шешім қабылдайды. Комиссияның мүшелері дауыс беруден қалыс қалуға құқылы емес. Қабылданатын шешімге келіспеген жағдайда, Комиссия мүшесінің жазбаша нысанда ерекше пікір білдіруге құқығы бар, шешім қабылдау кезінде Комиссия оны да ескереді.
- 3.5 Комиссияның қорытындылары жазбаша түрде қабылданып, шығарылған күні мен орны, мәселені қараған Комиссияның құрамы, шешім қабылдаудың негіздері көрсетіледі.
- 3.6 Комиссия отырысын өткізгенде міндетті түрде Аттестаттау комиссиясының Төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттама жасалады. Комиссия отырысының хаттамасында тиісті отырыста қабылданған барлық шешімдер көрсетіледі.